

Ембі ТЫНЫСЫ

№ 24 (40),
желтоқсан
2019 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.



Құрметті ембіліктер!

Жаңа жыл – өткенге көз жүгіртіп, таразылайтын, жүріп өткен жолымызға баға беретін, жаңа бастамалар мен ізденістерге тың қадам жасайтын, жақсылыққа ұмтылуға серпіліс беретін ерекше мереке.

Биыл еліміз қазақ мұнайының 120 жылдығын үлкен ұйымшылдықпен атап өтті. Мерекеге орай Атырауда өткен салтанатты шараға Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып, мұнай-газ өнеркәсібінің үздік 41 қызметкерін марапаттады. Мемлекет басшысының қолынан үлкен марапат алғандардың қатарында ембіліктер де бар. Бұл - барша ембілік мұнайшыларға көрсетілген үлкен құрмет деп бағалаймыз. Мұнайшылардың еңбегі мемлекеттік деңгейде бағаланып жатқанына қуаныштымыз.

Өткен 2019 жыл қазақ мұнайының бастауында тұрған «Ембімұнайгаз» АҚ үшін табысты болды. Ембі аймағындағы кен алаңдарында өндірістік көрсеткіштер тұрақты

орындалуда. Қарапайым еңбек адамына жасалған қамқорлық шаралар, кеніштердегі әлеуметтік нысандарды жаңғырту жұмыстары биыл да жалғасын тапты.

Қазіргі таңда біздің Компанияда геологиялық барлау, өндірісті цифрландыру жобаларын енгізу, бизнес-үдерістерді оңтайландыру бағытында көп жұмыстар жүріп жатыр. Қолға алынған геологиялық барлау жұмыстары, Уаз кен алаңындағы «Интеллектуалды кен алаңы» концепциясының бүгінде өзге кеніштерге таратылуы жақсы нәтижесін көрсетіп те үлгерді.

Өткен жылдың тағы бір жақсы жаңалығы – Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясы «Ембімұнайгаз» АҚ-ның С.Нұржанов кен алаңында қорлардың 9,6 миллион тоннаға ұлғайғанын бекітті.

Сонымен қатар, Тайсойған блогындағы сейсмикалық жұмыстар жақсы нәтижемен аяқталды.

Қадірменді әріптестер!

Санаулы күндерден кейін 2020 жылға қадам басамыз.

Баршаңызды келе жатқан Жаңа 2020 жылмен құттықтаймын! Дендеріңіз сау болып, отбасыларыңызға амандық, береке-бірлік, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

**Ізгі тілекпен: Әнуар Жақсыбеков,
«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы.**

Мұнайлы өңірде – жаңа әкім

Атырау облысының жаңа әкімі тағайындалды.

Жуырда Атырауға сапары барысында ҚР Премьер-министрі Асқар Мамин облыс мәслихатының кезектен тыс сессиясында өңірдің жаңа әкімі М. Досмұхамбетовты таныстырды.

Махамбет Досмұхамбетов 1960 жылы 25 желтоқсанда Гурьев қаласында дүниеге келген. Еңбек жолын 1983 жылы «Ембімұнай» бірлестігінің Балық-

шы барлау бұрғылау басқармасының геологы ретінде бастаған.

Түрлі жылдары «Ембімұнай» ОБ, «Мұнай» БК, «Ембімұнайгаз» геология, «Қазақойл» ҰМК ЖАҚ геология департаментінің директоры болып жұмыс істеді, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «ҚазГерМұнай» БК, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ геология департаменттерін басқарды. 2013 жылдың қыркүйек айынан 2015 жылдың қаңтар

айы аралығында «Ембімұнайгаз» АҚ бас директоры, басқарма төрағасы қызметін атқарды, 2015 жылдың қаңтарынан 2016 жылдың қараша айы аралығында – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ірі жобалар бойынша басқарма төрағасының орынбасары.

Айта кетсек, 2016 жылдың қараша айынан бастап осы уақытқа дейін ҚР энергетика министрлігінің бірінші орынбасары лауазымында болды. **Е**



Бәрежелді!

Ембіде мұнай қоры ұлғайды

Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясы «Ембімұнайгаз» АҚ-ның С.Нұржанов кен алаңында қорлардың 9,6 миллион тоннаға ұлғайғанын бекітті. Нәтижесінде аталған кен орны бойынша қор 40,5 млн. тоннадан 50,1 млн. тоннаға дейін өсті.

- Байырғы кен орындарын игеруге ұтымды және ұқыпты қараудың және белсенді барлау жұмыстарын жүргізудің нәтижесінде соңғы жылдары Компания өндірілген мұнай көлемін едәуір ұлғайтты және қорлардың айтарлықтай өсуін қамтамасыз етті. С.Нұржанов кен

алаңы 1960 жылдардан бері игеріліп келе жатқанына қарамастан, ембілік геолог-мұнайшылар қолданған барлау әдістерінің нәтижесі суланудың төмен деңгейін сақтай отырып, ЕМГ үшін Каспий маңы мұнай-газ бассейнінің тұзүсті кен орындарынан мұнай өндірудің көп бөлігін қамтамасыз етуде. Енді көмірсутегі қорын 24% -ға арттыру туралы шешім қабылданғаннан кейін, кен орны өзінің өмір сүру ұзақтығын бірнеше онжылдыққа ұзартады, мұнай өндіру коэффициентін бұрынғы деңгейін сақтап, Ембінің одан әрі тұрақты дамуын қамтамасыз етеді, - деп атап өтті ЕМГ

Басқарма төрағасы Өнуар ЖАҚСЫБЕКОВ.

Қорлардың өсуін қамтамасыз ететін негізгі факторлар – сейсмикалық және ұңғыма деректерінің негізінде құрылымдық-тектоникалық үлгіні нақтылау, есептелген параметрлер, жаңа ұңғымаларды бұрғылау, С2 санаты бойынша бағаланған учаскелерді сынау болып табылады.

С.Нұржанов кен орны 1960 жылы ашылып, 1963 жылы пайдалануға берілді. Ал, 1966 жылдан бастап өнеркәсіптік игеру жұмыстары жүріп жатыр. Жалпы, кен орнының тарихын-



да сегіз түрлі қорлар есебі жасалды. Соған сәйкес, кен орны жаңа горизонттар мен блоктардың дамуы есебінен үнемі өсіп отырды. **Е**

Бас компаниялар жаңалықтары

Нұр-Сұлтандағы климаттық сессия

2019 жылғы 26 қарашада Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстандағы тұңғыш «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі - ҚМГ) парниктік газдар шығарындыларын басқару жөніндегі форумы (Климаттық сессия) өтті.

Экологиялық процестер мен жүйелерді қолдау «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ орнықты дамуының негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. БҰҰ Жаһандық шартының қатысушысы бола отырып, ҚМГ климаттың өзгеру мәселелеріне ерекше назар аудара отырып, орнықты даму мақсаттарын қолдайды.

Саланың әр түрлі кәсіпорындарының жүзге жуық өкілдері қатысқан Форум кәсіпқойлардың сындарлы диалогының орнына, тәжірибе мен білім алмасу алаңына айналды.

Форумда қызу пікірталастар ҚМГ компаниялар тобы бойынша парниктік газдар шығарындыларын басқару, парниктік газдар шығарындыларын реттеу, квоталар саудасы, Carbon Disclosure Project Климаттық бағдарламасы шеңберінде ҚМГ есептілігі және т. б. саласындағы заңнаманың күтілетін өзгерістері төңірегінде өрбіді.

«Жасыл Даму» АҚ шығарындыларды сауда жүйесі департаментінің директоры Ботагөз Ахметова ҚР парниктік газдар шығарындыларын мемлекеттік реттеу саласындағы заңнамасының талаптарына қатысты презентациямен сөз сөйледі, сондай-ақ Форум қатысушыларының өзекті сұрақтарына жауап берді. Rompetrol өкілі (Румыния), KMG International N.V. ДЕҚОҚ директоры Фелиция Андреи парник газдарын басқарудағы ЕО елдерінің тәжірибесімен және квоталау жүйесімен бөлісті.

«Каспий» тауар биржасы» АҚ президенті Эрик Танаев көміртегі бірліктерінің биржалық саудасы тақырыбында баяндама жасады. Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В. компаниясының атмосфералық ауа және парниктік газдар эмиссиясы секторының бастығы М. Филиппова КРО-ның парниктік газдарды басқарудағы тәжірибесі және компанияның табысты жобалары туралы әңгімеледі.

- ҚМГ - елдегі мұнай мен газдың ірі ұлттық өндірушісі. Біз экономиканың өсуіне біздің ықпалымызды түсініміз және қоршаған ортаға өз әсерін азай-



тып, экологиялық бағдарламаларымызды орындауға жауапкершілікпен қараймыз. Сондықтан, мен осы Форум алға қойылған мақсаттарға жетудегі маңызды қадам болады деп үміттенмін және Сіздердің әрқайсыңыз бүкіл әлемдегі экологиялық жағдайды жақсартуға өз үлесін қосады, - деп атап өтті өз сөзінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ЕЖҚОҚ жөніндегі тең басқарушы директоры Қайрат Сақтағанов. **Е**

www.kmg.kz



Марапат

Елорда төріндегі құрмет

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай Нұр-Сұлтан қаласында марапаттау салтанаты өтті.

«Ембімұнайгаз» АҚ «Мұнайшы қыз» әйелдер клубының ұсынысымен, KAZENERGY қауымдастығы «Энергетикалық әйелдер клубының

қолдауымен «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ қарасты Прорва кен алаңдарының жетекші геологы Гүлнар Аязбаева «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Төралқа Төрағасы Тимур Құлыбаевтың қолынан марапатталды.

Ел Президентінің Жарлығымен әріптесімізге «Ерен еңбегі үшін» медалі табысталды.

– Мен үшін Президент атынан мемлекеттік наградаларды ұсыну – үлкен мәртебе. Биыл экономика локомотиві болып табылатын қазақстандық мұнайдың 120

жылдығын атап өттік. Сондықтан, бүгін мұнай-газ секторының ардагерлері мен қызметкерлерін құттықтау ерекше қуаныш сыйлайды, - деп «Атамекен» ҰҚП Төралқа Төрағасы Тимур Құлыбаев шараның маңыздылығын атап өтті. Мемлекеттік марапат иесі, әріптесімізді құттықтаймыз! **Е**

«Ембімұнайэнерго» 20 жылдық белесі

Қазіргі заманда электр қуатынсыз қай саланы болмасын көз алдыға елестету мүмкін емес. Соның ішінде, ел экономикасының күретамырына айналған мұнай-газ секторында электр энергиясының алар орны ерекше.

Ембі өндіріс алаңдарындағы мұнай өндіру, дайындау жұмыстарының

үздіксіз жүруі және өндірістің толық автоматты жүйеге көшуі, жаңа технологиялардың кезең-кезеңімен іске қосылуы, міне, осының бәрі энергия жүйесімен тығыз байланыста дамып келе жатыр.

Ембілік энергетиктер өткен аптада өздерінің кәсіби мерекесін ерекше атап өтті. Ерекшелігі сонда, биыл «Ембімұ-

найгаз» АҚ-на қарасты «Ембімұнайэнерго» басқармасының құрылғанына 20 жыл толып отыр. Басқарманың 20 жылдық мерейтойы салтанатты түрде ұйымдастырылып, оған Компания басшылығы, ардагерлер, басқарманы ұзақ жылдар басқарған бұрынғы басшылық құрамы және ұжым мүшелері қатысты.

Тарихқа көз салсақ, 1999 жылдың желтоқсан айында «Қазақойл-Ембі» компаниясына қарасты «Ембіэнерго-мұнай» кәсіпорны құрылып, жауапкершілігі шектелген серіктестік болып жұмыс жасай бастады. Бүгінде аталмыш кәсіпорын «Ембімұнайгаз» АҚ құрамындағы алты басқарманың бірі. Атауы да сәл өзгеріп, «Ембімұнайэнерго» басқармасы болып қайта құрылды.

«ҚазақОйл» ААҚ президенті болған кездерінде кен алаңдарын электрлендіру мақсатында жаңа басқарма құру туралы бұйрыққа (13 желтоқсан 1999 жыл) қол қойған Махамбет Батырбаев көпшілік алдында сөз алып, энергия саласында жеке басқарма құру туралы бастаманың маңыздылығына тоқталып өтті. Бастапқыда жауапкершілігі шектеулі серіктес болып құрылған кәсіпорын осыдан тура 11 жыл бұрын қайта құрылып, басқарма атауына ие болып жаңа белестерге қадам жасады.

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков барша ұжымды

кәсіби мерекемен және жиырма жылдық белеспен құттықтады. Бүгінгі таңда Ембі өндірісіндегі тиімді нәтижесін көрсетіп үлгерген ірі жобаларға энергетиктер де сүбелі үлестерін қосып келеді. Компанияға қарасты барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелердің өндіріс алаңдарындағы нысандар үздіксіз электр жабдықтарымен қамтылып, алты бөлімше қызмет етуде. Нәтижесінде, Ембі өндіріс алаңдары тұрақты ток көзімен қамтылып келеді. Басқарма төрағасы Ә.Жақсыбеков табысты еңбектерімен ерекшеленген жеңімпаздарға марапаттар табыс етті.

20 жылдық кезеңде басқарманың қызметіне басшылық етіп, ұжымның жұмысын бір ортаға тоғыстыра білген бұрынғы басшылық құрам: Дәрмен Бекімұлы, Мейрам Сабетов пен Ташкент Айтбаевтар өздерінің пікірлерінде басқарманың кешегі тыныс-тіршілігіне кеңінен тоқталып өтті.

«Ембімұнайэнерго» басқармасының басшысы Жәнібекбай Тулегенов бүгінгі басқарманың табысты еңбек көпілі-кәсіби мамандардың қолтаңбасы дей отырып, кәсіпорынға қарасты аудандық электр тораптарының жұмысын бір ізге сала білген өз ісінің шеберлері – АЭТ-ның басшылықтарына алғысын жеткізді.

Салтанатты шарада арнайы дайындалған концерттік бағдарлама жұртшылықтың назарына ұсынылды. **Е**



Ашық есік күні

Отандық өндірісті дамыту – басты назарда

«Ембімұнайгаз» АҚ-да Компания басшылығы мен коммерциялық блоктың кәсіпкерлік ұйымы өкілдерімен кездесуі болып өтті. Барлығы шараға Қазақстан Республикасы мен Атырау облысында қызметін жүргізетін 20-ға тарта әлеуетті жеткізу қатысты.

Бұл жолы аталған кездесу «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының қолдауымен «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ барлық еншілес және тәуелді ұйымдарда өткізу жөніндегі бас-тамасымен ұйымдастырылды.

- Біз үшін кәсіпкерлік ұйымдарымен мұндай кездесу ұйымдастыру жақсы дәстүрге айналды. Мұндай кездесу осымен үшінші мәрте өтіп отыр. Әдеттегідей, Компанияның тауарларын, жұмыстарын және қызметтерін жеткізушілердің ішінде қазақстандық компаниялардың көп бөлігі бар. Ағымдағы жылдың 1 желтоқсанындағы көрсеткіш

бойынша тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесі: тауарлар бойынша - 44%, жұмыстар - 99%, қызметтер - 96%-ды құрайды. Барлық сатып алу және келісім-шарт жасақтау процестері zakur.sk.kz веб-сайтында «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу ережесі аясында ашық, электронды түрде жүзеге асырылады. Компанияның сатып алу жоспарлары және өткізілген сатып алулар туралы барлық ақпарат біздің zakur.emba.kz сайтымызда орналастырылған, - деп атап өтті ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ.

Атырау облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Абдолла ИДРЕСОВ ағымдағы жылдың мамыр айында «Самұрық-Қазына» АҚ мен «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы арасында қол қойылған отандық кәсіпкерлікті бірлесіп дамыту туралы келісім өндірістік

кәсіпорындарға Қор компанияларымен ұзақмерзімді келісім-шарт жасауға, бизнестің дамуын қамтамасыз етіп, отандық өндірушілерді қолдау мақсатымен тиімді шешімдерді қабылдауға бағытталғанын айтып өтті.

- Отандық тауар өндірушілерді қолдау – «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу жүйесін дамытудағы негізгі мақсаттардың бірі. Қазақстандық тауар өндірушілердің дамуының арқасында Қордың компаниялары сапалы тауарды тиімді бағамен сатып алуда, соның арқасында сатып алуға бөлінген қаражат айтарлықтай үнемделуде, - деді А.Идресов.

Кездесу барысында Компания басшысы отандық өндірушілерге қолдау көрсету шараларымен, 2020 жылға Компания үшін қажетті тауарлар мен жабдықтардың тізбесімен, сондай-ақ, Қазақстан Республикасында реттелуге тиісті тауарлардың тізбесімен таныстырды. Сонымен қатар, Ә. Жақсыбеков

әлеуетті жеткізушілерге «Самұрық-Қазына» АҚ тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу ережелеріне сәйкес қойылатын талаптар туралы айтты.

ЕМГ департамент директорының орынбасары Д.Туленов кәсіпкерлерді «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін сатып алу рәсімдеріндегі өзгерістермен, біліктілік алдындағы іріктеудің жаңа үлгісімен (БАІ) және сатып алудағы рәсімдері кезеңіндегі негізгі проблемалармен таныстырды.

Шара соңында бірнеше кәсіпкерлер ЕМГ-мен ынтымақтастық тәжірибесі туралы пікірлерімен бөлісті. Сұрақ-жауап сессиясында кәсіпкерлерді Қордың Сатып алу ережесіндегі алдағы өзгерістер туралы, Компанияның болашақ жобалары туралы ақпараттар қызықтырды. Ал, ЕМГ коммерциялық бөлімінің басшылығы мен мамандары бұл сауалдарға тұшымды жауаптар берді. **Е**



Мақсат – әр іске дайын болу

5 желтоқсан күні «BELUGA» қонақүйінің конференц-залында «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу блогы қызметкерлерінің дәстүрлі форумы өтті.

- «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 2027 жылға дейінгі Даму тұжырымдамасын басшылыққа ала отырып, Компанияда тұрақты дамуды қамтамасыз ету бағытында ауқымды жұмыстар жүргізіліп келеді. Сөз жоқ, Тұжырымдағы негізіндегі барлық жобаларды жүзеге асыруға компания қызметкерлерін дамыту мәселелерін тиімді шешіп келетін HR-бөлім үлкен үлес қосуда, - деп атап өтті ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ.

Форум барысында Компанияның барлық 6 өндірістік құрылымдық бөлімшелерінің кадр қызметінің жетекшілері презентация таныстырды.

Әр жыл соңында Ембінің HR-мамандары бас қосып, өткен жылы атқарылған жұмыстарды саралап, ЕМГ-нің стратегиялық жоспарлары мен мақсаттары негізіндегі кадр саясат жұмысының алдағы міндеттерін бекітеді. Біз кәсіби өсу үшін тең жағдай жасап және қызметкерлер арасындағы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыра отырып, нәтижелерге және жаңа білім алуға ұмтылған қызметкерлерді бағалаймыз, - деп атап өтті ЕМГ қыз-

меткерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА.

Есептік баяндама кезінде Г.Шарафетдинова жиынға қатысушыларды бекітілген Тұжырымдама негізіндегі қызметкерлерді дамыту функционалдық стратегиясының барлық бағыттары бойынша HR-бөлімі қызметінің жұмысымен таныстырды.

Барлық кадр қызметінің жетекшілерінің баяндамаларын қорытындылап, Ә.Жақсыбеков барлық маманға атқарған жұмыстары үшін алғыс білдіріп, кейбір бөлімшелердің жетістіктеріне тоқталды. Сонымен қатар, өзге мұнай-

газ компаниялары тарапынан жоғары бәсекелестіктің және әлемдік даму жағдайларына байланысты HR-бөлімі қызметінің тиімділігін арттырудың маңыздылығына тоқталды.

HR-форум ЕУ Академиясының тренері Наталья Рашитова өткізген «DISC мінез-құлық стилі» тренингіне жалғасты. Тренинг барысында қатысушылар DISC құралдарымен танысып, әр мінез-құлық стилінің басты мінездемесін түсінуді үйреніп, DISC есептеу негізінде жеке тиімділікті арттыру, жеке және топтық жұмыстың сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар жасалды.

E



Тәуелсіздікке - тағзым

Ембіліктер Тәуелсіздік күнін атап өтті

Қазақстанның Тәуелсіздік күні қарсаңында ембіліктер үлкен марапаттарға ие болды.

Құрманғазы атындағы мәдениет сарайында Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиналыс өтті. «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков ембіліктерді мерекемен құттықтап, бұл күннің елдің тәуелсіздік тарихында айрықша маңызға ие екенін айтты.

- Биыл тәуелсіздік алғанымызға 28 жыл. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жалпы еліміз үшін қиындықтар болды. Елдің бірлігінің арқасында қиындықтарды жеңе білдік. Жақсы нәтижелерге қол жеткіздік. Соның ішінде, мұнай-газ секторы бойынша үлкен табыстар жүзеге асты. Егемендік алған сәттен бастап мемлекетіміздің экономика және әлеуметтік салаларында жақсы жаңалықтар орын алды. Еліміздің қол жеткізген жетістіктерінде қазақстандық мұнайшылардың, соның ішінде, ембіліктердің қолтаңбасы зор екендігін мақтанышпен айтамыз. Компанияның ресми тарихы басталған 1922 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы еліміздің гүлденіп, дамуына сүбелі үлес қосып келеді, - деді Әнуар Еркінұлы.

Компания басшысы Елбасы - Қазақстанның Тұңғыш Президентінің сарабдал саясаты арқасында барлық қазақстандықтардың қолдауымен қиындықтарды бірге жеңіп, жоғары нәтижелерге жеткенімізді атап өтті. Сонымен қатар, компанияның бүгінгі жетістіктеріне тоқталды.

— Қазіргі таңда біздің Компанияда геологиялық барлау, өндірісті цифрландыру жобаларын енгізу, бизнес процестерді оңтайландыру бағытында көп жұмыстар жүріп жатыр. Қолға алынған геологиялық барлау жұмыстары, Уаз кен алаңындағы «Интеллектуалды кен

алаңы» концепциясының, бүгінде оның өзге кеніштерге таратылуы жақсы нәтижесін көрсетіп те үлгерді.

Тағы бір жақсы жаңалық - Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясы «Ембімұнайгаз» АҚ-ның С.Нұржанов кен алаңында қорлардың 9,6 миллион тоннаға ұлғайғанын бекітті.

Сонымен қатар, Тайсойған блогындағы сейсмикалық жұмыстар жақсы нәтижемен аяқталды. Алдағы уақытта ол жерде үлкен өндіріс алаңы болады.

Ембі тарихында алғаш рет қолға алынып жатқан тағы бір жақсы жаңалық - Шығыс Уаз кенішінде көлденең қазылған №111 ұңғыманы пайдалануға беріп отырмыз. Осы уақытқа дейін қолданылып жүрген тік ұңғымадан көлденең ұңғыманың өнімділігі 8 есеге артық болады, - деп атап өтті Компания басшысы.

Салтанатты шара барысында компанияның өркендеуіне үлес қосқан жұмыскерлер түрлі марапаттарға ие болды.

KAZENERGY қауымдастығының «Құрмет грамотасымен» «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның Кенбай мұнай және газ өндіру цехының Шығыс Молдабек кен орнының мұнай және газ өндіру жөніндегі операторы Талап Нуриев, ал, «Алғыс хатымен» «Доссормұнайгаз» мұнай және газ өндіру басқармасының №1 Ботақан мұнай және газ өндіру цехының бастығы Бейбіт Елемесов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ геология және кен орындарын игеру жөніндегі бөлімінің инженері Рахметолла Құсайынов, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ №1 С.Нұржанов атындағы кен орны бригадасының жөндеушісі Нұрбай Укпегазиев, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ №1 «Қосшағыл» мұнай және газ өндіру цехының жөндеушісі Ержан Абдигалиев, «Ембімұнайэнерго» басқармасы «Доссор» ау-

дандық электр торабының бөлімше бастығының орынбасары Дмитрий Хасанғалиев, ӨТҚЖКБ келісім-шарт, шартты орындау, есептеу және өткізу тобының (МТЖ) аға инженері Хамидолла Алхашов марапатталды.

«Доссормұнайгаз» МГӨБ ұңғыларды жер асты және күрделі жөндеу цехының Шығыс Мақат бригадасының 6 дәрежелі көтергіш машинисі Аманжан Құрманғалиевке, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ №3 мұнай және газ өндіру цехының 4 разрядты мұнай және газ өндіру операторы Ерболат Есмағамбетовке, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ № 2 «Терең-Өзек» мұнай және газ өндіру цехының мұнай және газ өндіру операторы Бағыт Аймұратовқа, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай мұнай және газ өндіру цехының мұнай және газ өндіру жөніндегі операторы Қайрат Сатмағамбетовке «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Құрмет грамотасы табысталды.

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Құлсарыдағы мұнайды дайындап айдау цехының Қисымбай мұнай дайындап айдау учаскесінің 4 разряд тауар операторы Нұрлан Жұмабаевқа «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ естелік белгісі ұсынылды.

Орталық басқару аппаратының жас мамандары Ляззат Тулешова мен Дастан Унаев компанияның «Құрмет грамотасымен», «Ембімұнайгаз» АҚ әлеуметтік саясат және инфрақұрылымдық нысандарды басқару жөніндегі департаментінің маманы Мұрат Кушенов пен геологиялық барлау жұмыстары департаментінің аға геологы Жұлдыз Арықбаева «Алғыс хатымен» марапатталды.

Салтанатты шара соңы Компанияда айдан астам уақыт бойы ұйымдастырылған «Мәдениет күндері» бағдарламасының қазылар алқасы шешімімен үздік шыққан мұнайшы-өнерпаздардың гала-концертіне ұласты.

E



Құрметті ембілік мұнайшы!

Биыл «Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ комитетінің жаңа құрамы бекітілгенінен хабардарсыздар.

Назарларыңызға Компанияға қарасты барлық басқармалардағы сіздің мүддеңізді қорғайтын Кәсіподақ комитеті төрағаларының байланыс телефондары мен мекен-жайларын ұсынып отырмыз.

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ

Кәсіподақ комитетінің төрағасы:
Мәлік Аюфқалиұлы Орынғалиев

Мекен-жай:
Атырау қаласы, Уәлиханов к-сі, 1
Кабинет: 411

Байланыс телефоны:
8 (7122) 32-31-65; i/n: 21-495

Пошта индексі:
060002

«ДОССОРМҰНАЙГАЗ» МГӨБ

Кәсіподақ комитетінің төрағасы:
Самат Ығылманұлы Мұхамбетов

Мекен-жай:
Атырау обл., Мақат ауданы, Доссор п.,
Мұнайшылар мөлтек ауданы.

Байланыс телефоны:
8 (71239) 7-91-93; i/n: 21-327

Пошта индексі:
060604

«ЖЫЛЫОЙМҰНАЙГАЗ» МГӨБ

Кәсіподақ комитетінің төрағасы:
Сырымбек Жақсыбекұлы Сәрсембаев

Мекен-жай:
Атырау облысы, Жылыой ауданы,
Құлсары қ., Дүйсенбеков к-сі, 145.

Байланыс телефоны:
8 (71237) 3-32-92; i/n: 50-760

Пошта индексі:
060100

«ЖАЙЫҚМҰНАЙГАЗ» МГӨБ

Кәсіподақ комитетінің төрағасы:
Кенжебай Айдарбеков Имашұлы

Мекен-жай:
Атырау обл., Исатай ауданы, Аққыстау с.,
Д.Әбілхайыров к-сі, 30.

Байланыс телефоны:
8 (71231) 2-03-75; i/n: 22-327

Пошта индексі:
060300

«ҚАЙНАРМҰНАЙГАЗ» МГӨБ

Кәсіподақ комитетінің төрағасы:
Еркінбек Нармағанбетұлы Мырзашев

Мекен-жай:
Атырау облысы, Қызылқоға ауданы,
Жамансор ст.

Байланыс телефоны:
8 (71238) 2-80-41; i/n: 26-327

Пошта индексі:
065006

«ЕМБІМҰНАЙЭНЕРГО» БАСҚАРМАСЫ

Кәсіподақ комитетінің төрағасы:
Сүндет Шеруенов Қабдоллаұлы

Мекен-жай:
Атырау облысы, Атырау қ.,
Бірлік, Промзона.

Байланыс телефоны:
8 (7122) 99-33-96; i/n: 20-396

Пошта индексі:
060015

ӨТҚЖЖК БАСҚАРМАСЫ

Кәсіподақ комитетінің төрағасы:
Самат Балжігітұлы Орамахов

Мекен-жай:
Атырау облысы, Атырау қ.,
Бірлік, Промзона.

Байланыс телефоны:
8 (7122) 99-33-92; i/n: 20-392

Пошта индексі:
060015

ОРТАЛЫҚ БАСҚАРУ АППАРАТЫ

Кәсіподақ комитетінің төрағасы:
Болат Мұратұлы Нсанбаев

Мекен-жай:
Атырау қ, Ш. Уәлиханов к-сі, 1.
«Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесі
Кабинет: № 508

Байланыс телефоны:
8 (7122) 99-31-44; i/n: 21-444

Пошта индексі:
060002

Дәстүрлі қайырымдылық жәрмеңкесі

Жуырда «Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде «Шын жүректен» атты қайырымдылық көрме-жәрмеңкесі өтті. Компания бойынша осымен үшінші рет ұйымдастырылған қайырымдылық шарасында Атырау қаласының белгілі қолөнершілері, суретшілерінің 70-ке тарта авторлық туындысы және Орталық басқару аппараты қызметкерлерінің өздері дайындаған бұйымдары қойылды.

- Соңғы уақытта Компания бойынша дәстүрге енген қайырымдылық көрме-жәрмеңкесін ұйымдастырудағы мақсатымыз – әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың балалары және денсаулығына байланысты үйден білім алып жатқан балаларға жаңа жылдық көңіл күй сыйлау. Демек, биылғы қайырымдылық көрме-жәрмеңкесінен түскен қаражат толығымен жоғарыда аталған балаларға жаңажылдық сыйлықтар алуға жұмсалады, - деді жәрмеңкенің ашылу

салтанатындағы сөзінде ЕМГ Басқарма төрағасының жалпы мәселелер бойынша орынбасары Сәлімжан Нақпаев.

Ембілік мұнайшылар атынан жаңа жылдық сыйлыққа ие болатын әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың балалары және денсаулығына байланысты үйден білім алып жатқан балалар тізімі Атырау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен бірлесе жасақталуда.



Жергілікті өнер адамдарынан басқа Орталық басқару аппаратының қызметкерлері Анжела Бударина, Салтанат Есімғалиева, Рауан Сабилов, Ботагөз Маханова, Айымгүл Жұмақұлова, Алтынгүл Тасбаева, Айнұр Танкашевтар да жәрмеңкені өткізуге белсене атсалысып, өздері дайындаған бұйымдарымен тағамдарын ұсынды. Қайырымдылық көрме-жәрмеңке жұмысына Компанияға қарасты барлық басқармалардың ұжымдары да зор үлес қосты.

- «Ембімұнайгаз» АҚ әрдайым азаматтық белсенділігімен және әлеуметтік жауапкершілігімен ерекшеленіп



келеді. Міне, биыл да компаниямызда Жаңа жыл қарсаңында қайырымдылық жәрмеңкесі ұйымдастырылып отыр. Мен бұл шараға жыл сайын қатысып, өз қолыммен дайындаған өнімдерді ұсынып келемін. Мәселен, өткен жылы жиналған қаражатқа Компанияның жас мамандары денсаулықтарына байланысты үйде отырып білім алуға мәжбүр

Атырау қаласының 7-10 жас аралығындағы 50 балаға Жаңа жылдық сыйлықтар табыс еткен болатын. Осындай игі үрдіс жыл сайын жалғасын тауып келетіні қуантады, - дейді МТҚ инженері С.Есімғалиева. **Е**



Хобби

Бес саусағынан өнер тамған Бағытгүл

«Өндірістік техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының Өндіріске қызмет көрсету бөлімінің сылақшысы Бағытгүл Қазеноваға бала кезден іс тігуге ерекше ұнайтын. Өлі есінде, 3-сыныпта оқып жүргенде жазғы демалыста әжесінің ауылына келетін. Әжесі «бес саусағынан өнер тамған» жан еді. Алғаш іс тігуге деген қызығушылығы әжесінен басталды. Жазғы демалыста уақытының көбін іс машинасында іс тіккен әжесінің қасында отырып, оның қол қимылынан көз алмастан қарап отырушы еді. Әжесінің матаны алып, қиғаны, одан небір формаларды ойлап табатыны қатты қызықтырушы еді. Алайда, әжесі мұны баласынып, іс машинасына отыруға рұқсат бермейтін.

- Іс машинасына отыруға мүмкіндік болмаған соң, қолымдағы бар қуыршақтарды жинап, әжемнің іс тігуінен қалған қиынды маталарды пайдаланып,



қуыршақтарыма қайтадан киімдерін дайындайтынмын. Бірде сәтсіз, енді бірде тамаша шығып жататын. Өзімнің жұмысыма қуанып, достарыма көрсеткенше қуанатынмын, - дейді Бағытгүл бала кезін еске алып.

Өрине, алғашқы «сыншысы» әжесі болатын. Кейін өсе келе іс тігуге деген қызығушылығы өспесе, бәсеңсімеді. Әсіресе, ұлттық киімдерді тігуге ерекше ықыласты болды. Арнайы сұраныс қабылдамаса да, жұмыстан қолы қалт ете қалғанда ағайын-тумасына, құрбы-құрдастарына ұлттық киімдер тігіп беретін. Әсіресе, наурыз, жаңа жыл мерекелері қарсаңында көп киім дайындайды. Өріптестері Бағытгүлдің қолының ебі барын біліп, бірде жаңа жылдық мерекелік концертке дайындалған қойылымға арнап тұтас бір цехтың мүшелеріне ертегінің киімдерін дайындауды тапсырған еді.

- Жаңа жылдық шарада «Золушка» ертегісін дайындап, кейіпкерлердің барлық киімін бір аптаның ішінде дайындағаным бар. Қойылымға қатысқан әріптестерім менің дайындаған ертегі киіміне ризашылықтарын білдірді, жылы қабылдады, - деп еске алады Бағытгүл.

«Шебердің қолы – алтын» дегендей мектептерде Наурыз мерекесіне орай әр түрлі шаралар ұйымдастырылады. Сондай сәттерде немерелеріне және туыстарының балаларына арнап ұлттық киімдерді үнемі дайындайды. Сондайда қазақ қолөнерінің тамаша туындыларын жасаудың қарапайым технологиясын шебер меңгеріп те алды.

- Бұл – мен үшін сәтті демалыс. Дайындаған киім үлгісі өзімнің ойымдағыдай шықса, көңілім марқайып, шаршағандымды сол сәтте ұмытамын. Тіпті көңіл күйді көтеруде мен үшін тиімді жол – іс тігу, - дейді Бағытгүл Қазенова. **Е**



Қос басқарманың өнерлі ұжымы

ЕМГ Мәдениет күндерін «Ембімұнайэнерго» және Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау басқармаларының ұжымдары жалғастырды.

Концерттік бағдарлама қойма меңгерушісі, коймашының көмекшісі камазист, мұнай-газ өндіру басқармасының операторы, электрликтің ән-

дерімен бастау алды. Нұрбол Үсенов, Айнагүл Гумарова, Мирамбек Уткельбаев, Есенжан Жамаловтар өнерлерін паш етіп, әр рөлдің қыр-сырын шебер аша білді.

Азамат Сағытжан, Лаура МаксUTOBA, Толқын Жанғалиева, Элеонора Бакарова, Алтын Иманкулова, Ринат Махамбетов, Есенжан Жамаловтың орындауын-



дағы «Звездопад» қойылымы да көптің көңілінен шықты.

«Тақиялы періште» кинофильмі әндерінен попуриді орындаған Райхан Балғымбаева мен Айнагүл Гумарованың өнері, бір топ жас бишілердің орындауындағы Твист биі көпшілік қошеметіне ие болды.

Сонымен қатар, «Нурикамал» халық әнін орындаған Мәди Жамалов,

Ф.Оңғарсынованың «Әкеме» өлеңін мәнерлеп оқыған Нұржан Махамбетов, «Атырау қалам», «Бақытты әйел», «Алға, қазақ жігіттері», «Мұнайшылар», Ш.Қалдаяқовтың әндерінен попури әндерін орындаған әншілер кештің шырайын келтірді.

Кеш соңы «Қара жорға» биімен қорытындыланды.

«Құлақтан кіріп бойды алар, әсем ән мен тәтті күй»

«Ембімұнайгаз» АҚ тарихында алғаш рет ұйымдастырылған Мәдениет күндері жобасы өз мәресіне жетті. Ембі сахнасында соңғы болып өнер көрсеткен – Орталық басқару аппараты ұжымы.

Ұжымның концерттік бағдарламасы Г.Токтосунованың, Г.Насиболатқызының, Т.Тлегеновтің, Р.Ерғалиевтің және Ө.Олжағалиевтың орындауындағы

«Сәлем, Ембімұнайгаз» атты сәлемдесу әнімен басталды.

Кейін мың бұралған бишілер ұлттық және заманауи билерден үзділер келтіріп, көрермен қошеметіне ие болса, күлкі терапиясы мен фокусты назарға ұсынған А.Атымтай, А.Джумабаев пен М.Бердешовтар әзілдерімен кешті шат-шадыман күлкімен әрлендірді.

Қазақ поэзиясының падишасы Ф.Оңғарсынованың 80 жылдығына орай Г.Мекебаева, Б.Төлеген және Г.Джумаханова ақын өлеңдерінен үзінділер келтірсе, Ө.Ізбасова «Ерке сылқым» күйін орындады.

Бұдан басқа да Б.Биомаров, Қ.Қаражанов және Б.Нсанбаев ұсынған «Мамандық таңдау» қойылымы да жоғары бағалауға ие болды. **Е**




Мұнайшылар – футбол алаңында

«Ембімұнайэнерго» басқармасының 20 жылдығына арналған шаралар легі «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты өндірістік құрылымдық бөлімшелер мен орталық басқару аппараты командалары арасындағы кіші футболдан турнирмен жалғасын тапты.

Аталған басқарма мен кәсіподақ комитетінің ұйымдастыруымен өткен теңбіл доп жарысының жартылай финалында «Өндірістік техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының командасының ойыншылары орталық басқару аппаратының командасын 3:1 есебімен ұтып, финалға жолдама алды. Ал, жартылай финалда қайнарлықтармен кездескен Жайық мұнайшылары 6:1 есебімен басым түсті. Сөйтіп, финалда - ӨТҚЖЖК – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ командалары кездесіп, қола жүлде үшін Орталық басқару аппараты мен «Қайнармұнайгаз» МГӨБ командалары бақ сынасты.

Үшінші орын үшін ойын нәтижесімен Орталық басқару аппараты командасы «Ембімұнайэнерго» басқармасының 20 жылдығына арналған кіші футбол турнирінің қола жүлдегері атанды. Қайнарлықтармен өткен кездесу 5:1 есебімен аяқталды. Нұрбек Ишанов, Асхат Гиниятов дубль орнатып, ерекшеленсе, бесінші гол авторы - Асқар Нұрбауов. Ал, қайнарлықтар сапында Жангелді Масселем жалғыз голдың авторы атанды.

ӨТҚЖЖК мен «Жайықмұнайгаз» МГӨБ арасындағы финалдық ойын 2:0 есебімен аяқталды. Командаға жеңіс голын сыйлаған - Ризабек Баесинов пен Әнуар Бисенғалиев.

Жүлделі орын иеленген командаларға кубоктар табысталды. Ал, үздік ойын өрнегін көрсеткен ойыншылар аталымдар бойынша марапатталды. 



Мұнайшылар шығармашылығы

«Қарашүңгілден бастауын алған қазынам...»

*Егемен болып, еңсесін тіктеп елімнің,
Еншісі қайтып, есесі кеткен жерімнің.
Мал баққан елден – май тапқан елге айналдық,
Алауын жағып ертеңге деген сенімнің.*

*Қарашүңгілден бастауын алған қазынам,
Тарихта ертең алтын өріптермен жазылам.
Талайғы лаңдар арайлы таңға ұласты,
Еңселі Елді алпауыт әлем таныған.*

*Жайлаған жалпақ Еділ мен Жайық арасын,
Қарашы, міне, қазақтың қара баласын.
Ұмтылып алға, заманның қалмай көшінен,
Ерледі ерім, алтынның тауып қарасын!*

*Қастерлі «Ембім», бәсеңдемесін қарқының,
Бағанды білер қазаққа барша бар құның!
100 пайыз ұлттық мекеме деген атың бар,
Асқақта! Өрле! Айтулы болсын әр күнің!*

*Түлегі қырдың қол созып шыңға, асқарға,
Түледі бүгін Жайықпен аттас Басқарма.
Түгесілмесін ұрпаққа қалар үлесің,
Тәңірім өзі қолдаушың болсын аспанда!*

*Ғасырлар бойы бозжусан иісі аңқыған.
Сар далам жатыр, сабырлы аумақ қалпынан,
Сабыр бер, Аллам! Ұлтына адал ұлан бер,
Айнамай тұғын халқына берген антынан!*

*Қалауын тапса, кешегі бейнет жоқ бүгін,
Қазағым, мәңгі аласармасын шоқтығың!
Тұғырдан түспей, желбірей берсін биікте,
Қыраным күнге қанатын қаққан көк Туым!*

Жарқын ТЕМЕЕВ,
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ
Еңбекке ақы төлеу және
қызметкерлерді басқару бөлімінің
еңбекті нормалау жөніндегі инженері.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі

мекен-жайға жолдай аласыздар:

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmgerp.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgerp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgerp.kz

А.Хаменова – 8 (7122) 99-34-80; 21-353

A.Khamenova@emg.kmgerp.kz

Редакциялық кеңес:

Ө.Жақсыбеков – «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы;

С.Нақпаев – Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Құтжанов – өндіріс жөніндегі басқарушы директор;

Г.Шарафетдинова – қызметкерлерді басқару және

еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

И.Сарыбеков – еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

Ө.Каримов – келешекті дамыту департаментінің директоры;

Л.Сүлейменова – қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

Баспахана:

«Print House Geron» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,

Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі